

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-
педагогтік колледжі




Шортанбай Қанайұлы

Практикант: Мұқажан Мақпал

Практика жетекшісі: Асенова Ж.М

Топ:431



Сабақ тақырыбы:

**Ш. Қанайұлы.
Анафора.
Эпифора**

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендеймін.

Психологиялық ахуал орнату

«Мен кіммін?

Қандай жетістігім бар?

Жанұядағы мақтанышым»



**Анафора тобы
Эпифора тобы етіп екі топқа
бөлемін**

Дулат ақыннан кейінгі өмір сүрген зар-заман ақындарының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі – **Шортанбай Қанайұлы**. Оның философиялық толғауларының бірі «зар заман» деп аталады.



Шортанбай Қанайұлы (1818, қазіргі Жамбыл облысы Қаратау өңірі – 1881, қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданы) – ақын, діни қайраткер. Ол Түркістан жерінде Қаратауды жайлаған шаруа Қанайдың отбасында дүниеге келген. Жас шағынан мұсылманша оқып замандастары қатарлы білім алмаған. Бұрыннан қазақ халқының қасиетті астанасы есепті Түркістан қаласы, оның сол тұстағы шар тарапқа жайылған даңқы жас талапқа әсерсіз болмаған. Қиялына қанат бітіріп, өнер-білім биігіне талпыған алғашқы тәлім-тәрбие ұясындай ізгі әсер еткен, парасатты ақыл иелеріне жақын жүріп, жақсылар қатарына ерте ілескен. Көзі ашық, сауатты, білімге құштар жасқа үлгі-өнер боларлық ойлы орта, тәлімге - ұстаздар да кезіксе керек-ті. Көкірегі ояу, көркемдікке әуес сезімтал жас естіген есті сөздерін құлағына құйып, көрген ғажайыптарың ойына орнықтырып, шама-шарқынша ақылға салып, санамен салмақтайды.

Жас талап тұстастарының бірі аллатағала әмірімен, діни түсіністіктермен баланыстырса, екіншісі Яссауи қалдырған парасат сөздерін тақпақтап, ауызға-өсиетке негізделген "Диуани Хикметтен" үзінділер келтіріп, көкеге ой салар сырлы сөзжинағын ауызға алар еді.

ЗАР-ЗАМАН АҚЫНДАРЫ

- Дулат Бабатайұлы,
 - Шортанбай Қанайұлы,
 - Мұрат Мөңкеұлы
-
- Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді.

Шортанбай зары

«Зар заман»


«Келер заман»

«Жарлының жаны берік-ті»

«Бір насихат айтайын»

«Қалықтаған сүңікар ем»

Конструкциялық жобалау



Өлең-толғаулардың көркемдік ерекшеліктері

- Шортанбай шығармаларында көне түркі әдебиетінен келе жатқан дыбыс қуалау (аллитерация, ассонанс) тәсілі көп ұшырасады:

Бір пара жанды малды қып,

Бір пара жанды малсыз қып,

Бір пара жанды дінді қып,

Бір пара жанды дінсіз қып...

немесе

...Зар, зар заман, зар заман,

Зарлап өткен бір заман, – деген тармақтарда дыбыстардың үндестігі және ішкі ұйқас арқылы ақын, біріншіден, өлеңнің көркемдігіне әр берсе, екіншіден, қайғылы хал-ахуалды күшейте алған.

- Осы шағын үзінділерде аллитерация мен ассонанстан бөлек, сөз қайталаудың *анафора*, *эпифора* дейтін түрлері де көрінеді.

Шортанбай Қанайұлы бейнеролик



<https://yandex.kz/video/preview/?filmId=82346253596756851&from=tabbar&reqid=1605711902242143-10191351970319664300120-sas1-6869&text=Ш.+Қанайұлы+>

Хронологиялық кесте

Кім?	Қашан?	Қайда?	Не істеді?
Шортанбай Қанайұлы			



Анафора – өлеңнің әр жолының (тармағының) немесе әрбір ой ағымының бірдей сөзден қайталанып басталуы. *Мысалы:*

*Азұлыға бар заман,
Азұсызға тар заман.*

Эпифора – өлеңнің әр жолының (тармағының) немесе ой ағымының соңындағы сөздің қайталанып аяқталуы. *Мысалы:*

*Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.*

- Аллитерация (лат. allittera-дыбыстас) - дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл.

- Ассонанс(французша *assonance*, латынша *assono* – үйлесім) – өлең сөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы.

- Риторикалық сұрау (лепті сұрау) — ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту.

Топтарға өлең жолдары бөлініп беріледі. Олар өлең жолдарынан көркемдегіш құралдарды (символ, синекдоха, эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) тауып, төбесіне көркемдегіш құрал түрін жазып қояды.

1-топ

Зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман.
Сөздің басы — бисмілла,
Біз айталық, сіз тыңда
Мұсылманның тарихын:
Төрт аяқты хайуан —
Бұ дүниенің жарығы.
Бағасы кеткен жігіттің
Бетінен алар зайыбы.
Бір алладан басқаның
Көпті қылған айыбы.
Кесапаттың кесірі
Келе ме деп керт басқа,
Сол себептен қорқамын!

2-топ

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды,
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды,
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды,
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды,
Ниетіне қазақтың
Тым - ақ тәуір еп болды —
Заманақыр болар деп,
Сол себептен қорқамын!

2-тапсырма. «Постер» әдісі




3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ментальды карта» әдісі, «иә жоқ»

№ Шортанбай Қанайұлы Иә Жоқ

- 1 Ақын
- 2 Медресе бітірген
- 3 Күрескер ақын
- 4 Жырау
- 5 Заман жыршысы
- 6 Сыншы
- 7 Діндар
- 8 Айтыскер ақын
- 9 Батыр
- 10 Шыншыл реалист

Шортанбай ақынның ойынша заманды аздырушылар кімдер?




Кері байланыс

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі

- ▶ *Мен ... бүгін білдім.*
- ▶ *Маған ... қызықты болды.*
- ▶ *Маған ... қиын болды.*
- ▶ *Мен келесі тапсырмаларды орындадым: ...*
- ▶ *Мен ... үйрендім.*



Рефлексия “Бағдаршам” әдісі



A golden scroll and quill pen on a checkered background. The scroll is unrolled, showing a blank space with text. The quill pen is positioned to the right of the scroll, with a small puddle of ink at its base. The background is a light gray and white checkerboard pattern.

**Үйге тапсырма: Зар
заман өлеңін оқып келу**